

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

«Болашақ» университеті



«Бекітемін»
«Болашақ» университетінің
ректоры, т.ғ.ғ. профессор
 О. Үмбетов
« 29 » 21 2017ж.

**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ
ҚОҒАМЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген.
Хаттама №1 «29» тамыз 2017 ж.

Қызылорда, 2017 ж.

1. Жалпы ЕРЕЖЕ

Студенттердің Ғылыми Қоғамы «Болашақ» университетінің құрылымдық бөлімі болып табылады және осы Ереже негізінде жұмыс жасайды.

2. Мақсаттары мен міндеттері

Қоғамның мақсаты студент жастардың ғылымға деген қызығушылықтарын таныту үдерісіндегі, ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы және әлеуметтік саладағы әрекеттері, ғылымның әр саласында студенттердің білімдерін жетілдіру. Студенттердің Ғылыми Қоғамының негізгі міндеттері:

- Студенттердің оқу материалдарын терең және шығармашылық жағынан меңгеруі;
- Ғылыми және техникалық тапсырмаларды өз бетінше шешу, әдістемесі мен құралдарын оқыту;
- Студенттердің ғылыми таным әдістерін меңгеруі;
- Студенттердің университет ішіндегі және университеттен тыс, мәдени - қоғамдық өмірінде белсенділігін арттыру;
- Студенттер конференциясын, семинарларын, дебатын өткізуге қатысу;
- Қазақстан мен шетелдің студент жастарымен байланыс орнату;
- Студенттерді қосымша материалдық ынталандыру жағдайларын жасауға көмектесу;
- Студенттердің қызығушылығы мен қабілеттерін айқындау;
- Ғылыми ізденіп зерттеу қызметтерінің дағдысын қалыптастыру.

3. Студенттердің Ғылыми Қоғамының негізгі құқықтары

Студенттердің Ғылыми Қоғамы құқылы:

- өз өкілеттігі шегінде өз бетінше шешім қабылдауға;
- қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалауға;
- әртүрлі сыйлықтарға, стипендияға, грантқа және т.б. үміткерлерді «Болашақ» университетінің Ғылыми кеңесіне ұсынуға құқылы.

4. Құрылым және Студенттердің Ғылыми Қоғамын қалыптастыру

Студенттердің Ғылыми Қоғамы «Болашақ» университетінің студенттерінен мына құрамда құрылады: төраға, төраға орынбасары, хатшы және Студенттердің Ғылыми Қоғамының мүшелері. Студенттердің Ғылыми Қоғамының мүшелерінің саны шектеулі емес. Студенттердің Ғылыми Қоғамының төрағасы, төраға орынбасары және хатшы университет ректорымен бекітіледі. Студенттердің Ғылыми Қоғамының мүшелерінің жеке құрамын Студенттердің Ғылыми Қоғамының төрағасы ұсынып, факультеттер декандары бекітеді.

5. Студенттердің Ғылыми Қоғамының жұмыс тәртібі

Студенттердің Ғылыми Қоғамының отырысында қарастырылған, оқу ісі және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор бекіткен оқу жылының жоспары бойынша жүзеге асады. СҒҚ отырысы үш айда бір рет өтеді. Отырысқа Студенттердің Ғылыми Қоғамының мүшелерінің 75%-ы қатысса ғана шешім қабылдауға құқықты.

Шешім дауыс берушілердің көптігімен айқындалады.

Студенттердің Ғылыми Қоғамының төрағасы жалпы ұйымдастыру жұмысын жүргізеді, және отырыстарды өткізеді, тапсырмалар береді, берілген тапсырмалардың орындалуын қадағалайды, Студенттердің Ғылыми Қоғамының жұмысының жариялылығы мен оның шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді, отырыстарда қоғам қызметінің қол жеткізген нәтижелері туралы баяндайды.

Төраға орынбасары ұйымдастыру жұмысын және Студенттердің Ғылыми Қоғамының мүшелері міндеттерінің орындалуын есепке ала отырып, ағымдағы мәселелер бойынша жедел жұмыстарды жүргізеді, төраға болмаған кезде оның орнында уақытша қалады.

Хатшы іс жүргізумен айналысады, отырыс хаттамасын толтыруы тиіс. Студенттердің Ғылыми Қоғамының мүшелері Студенттердің Ғылыми Қоғамының талқылауына енгізілген мәселелерді шешуге қатысады, өзіне жүктелген тапсырмаларды орындайды, Студенттердің Ғылыми Қоғамының шешімдеріне бағынады, келіспеген жағдайда Студенттердің Ғылыми Қоғамының басшылығына ақпарат беруі қажет.

6. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру

Студент жастардың ғылыми-зерттеу жұмыстары оқу үрдісінің жалғасы мен тереңдігі болып табылады, Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілікті профессорлар, оқытушылар мен Жас ғалымдар кеңесінің мүшелері жүзеге асырады.

Студенттердің Ғылыми Қоғамының негізгі принциптері:

- Студенттерді арнайы жалпы ғылыми дайындықтарының деңгейін ескере отырып, әртүрлі нысандағы шығармашылық әрекеттерге баулу, қызықтыру;
- Студенттердің зерттеу жұмыстарына тапсырманың қиындығы және ғылыми ізденістер аумағының кеңеюі есебінен үздіксіз қатысуы;
- Студенттердің бастамашылығы мен белсенділігіне тірек болу;

Оқу үрдісіне енгізілген ғылыми-зерттеу жұмысы мынаны ескереді:

- құрамында ғылыми-зерттеу элементтері бар тапсырмаларды, зертханалық жұмыстарды, курстық және дипломдық жобаларды орындау;
- өндірістік және оқу практикасы кезінде ғылыми-зерттеулік сипаттағы бірүлгі емес нақты тапсырмаларды орындау;

Студенттердің мемлекеттік бюджет немесе шаруашылық шарт тақырыптарын орындауға жеке тәртіпте қатысу нысанында, студенттердің сабақтан тыс уақытта ойдағыдай орындаған және оқу бағдарламалары

талаптарына жауап беретін ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстары жаңадан әзірленетін зертханалық жұмыстарға енгізуі мүмкін немесе жұмыстарды жаңарту кезінде қолданылуы мүмкін, сондай-ақ курстық және дипломдық жұмыстарда қолданыс табады.

7. Студенттердің Ғылыми Қоғамыны қаржыландыру

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысатын студенттер институт зертханасын, құрылғыларын, аспаптары мен құралдарын қолдана алады және қолданатын құрылғыларының сақталуы мен ұқыптылығы үшін жауапкершілікте болады.